

ЖАҢАЛЫҚТАР

Желтоқсаншылар сотынан түсірілген әйгілі суреттің авторы Юрий Беккер өмірден өтті

21 тамыз 2026 жыл, 10:33



Фототілші Юрий Беккер. Қазақстанның Мәдениет және ақпарат министрлігінің telegram-арнасында жарияланған фото

20 тамызда Алматыда туған-туыстары, достары мен әріптестері қазақстандық фототілші Юрий Беккерді **ақтық сапарға** шығарып салды. 68 жастағы Беккер содан бір күн бұрын кенеттен қайтыс болған еді.

Алматыда туып-өскен Юрий Беккер бүкіл саналы ғұмырын Қазақстанның фотошежіресін қалыптастыруға арнады. Елдің қоғамдық, саяси және мәдени өмірі, белгілі тұлғалар мен қарапайым адамдар бейнеленген фотоларымен танылды.

Юрий Беккер – 1986 жылы желтоқсанда Мәскеудің шешіміне қарсы Алматыда бейбіт шеруге шығып, кейін сол үшін қудаланған қазақ жастарының сотынан түсірілген әйгілі суреттің авторы.



1986 жылғы желтоқсан көтерілісіне қатысқан (солдан оңға қарай): Түгелбай Тәшенов, Жамбыл Тайжұмаев, Қайрат Рысқұлбеков және Қайыргелді Күзембаев сотта үкімді тыңдап тұр. Алматы, 16 маусым, 1987 жыл. Фото авторы – Юрий Беккер

1987 жылғы 16 маусымда Алматыда Қазақ ССР Жоғарғы соты 1986 жылғы **Желтоқсан оқиғасы** кезінде жасақшы Сергей Савицкийдің өліміне және "жаппай тәртіпсіздіктер ұйымдастыруға" қатысы бар деген айыптар тағылған бес адамға үкім жариялаған: Қайрат Рысқұлбеков ату жазасына кесіліп, Түгелбай Тәшенов (15 жыл), Жамбыл Тайжұмаев (15 жыл), Қайыргелді Күзембаев (14 жыл) және Ертай Көпесбаев (4 жыл) түрмеге қамалған.

Қайрат Рысқұлбеков пен тағы үш жігітті үкім шығарылған кезде сот залынан советтік ҚазТАГ агенттігінің фототілшісі Юрий Беккер түсірген сурет "Жетісу" және "Огни Алатау" газеттерінде жарияланып, сол үшін ҚазТАГ басшысымен қоса Юрий Беккер және тағы бірнеше адам жұмыстан қуылды. Партия басшылығына жазаға тартылғандардың сотта еңсесін тік ұстап, қасқая қарап тұрғаны ұнамаған.

Сотталған бес азамат Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін толық ақталып, (марқұм) Қайрат Рысқұлбековке "Халық қаһарманы" атағы берілді. Ал Юрий Беккер түсірген әйгілі сурет советтік Қазақстандағы саяси қуғын-сүргіннің дерегі ретінде тарихта қалды.



ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Желтоқсан оқиғасына қатысқандардың
сотынан түсірілген әйгілі суреттің тарихы

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ